


Тарақты Ақселеу

ҚАЗАҚТЫҢ
ӘЙГІЛІ КҮЙШІЛЕРІ
IX–XX ғасырлар



Суретшілері
Жәэрөнчиев Н.Т.
Искакова Г.С.



Алматы «Қазақстан» «Ғақлия» 1992

ББК 85.31
Т 21

Тарақты А.

Т 21 Қазақтың әйгілі қүйшілері: (IX—XX ғасырлар): [Альбом-кітапша].— Алматы «Қазақстан» Ғақлия. 1992.— 24 бет.

ISBN 5-615-01211-0

Ұрпақтың рухани тәрбиесінде тарихи тұлғаларымыздың түр-кейпін кескіндеп, олардың шабытты бейнесін үрпақ санасына үзатып отырудың мәні зор. Осындағы мақсатпен тарихи-этнографиялық және фольклорлық материалдардың негізінде біраз қүйші композиторлардың бейнесі алғаш рет жасалып отыр.
Альбом-кітапша музыка зерттеушілерге, студенттер мен окуышыларға, қазақтың рухани мәдениетіне деген қойыл жүрген қалың көпшілікке арналған.

Т 4905000000—66
401(05)—92 без. объявл.

ISBN 5-615-01211-0

ББК 85.31
© Тарақты Ақселеу 1992

Познавательное издание

Тарақты Акселеу

ҚАЗАҚТЫҢ ӘЙГІЛІ ҚҮЙШІЛІРІ
ВЕЛИКИЕ КАЗАХСКИЕ КОМПОЗИТОРЫ

(на казахском языке)

Редакторы *A. Бермаханов*
Суретшісі *H. Жээренчев*
Технические редакторы *A. Ткаченко, F. Илизова*

ИБ № 4987

Теруге 26.03.92. берілді. Басуга 20.08.92. кол қойылды. Форматы 60×84/8. Кағазы офс. «Тип Таймс» гарнитура. Оффсеттік баспа. Шартты баспа табагы 2,79. Шартты баспа бояу-әріп таңбасы 3,72. Есепке алынған баспа табагы 1,89. Тиражы 25 000 дана. Заказ № 367.

Казакстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық акпарат министрлігінің «Халықтар достығы» орденді «Казақстан» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектіci, 143.

Казакстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық акпарат министрлігінің полиграфкомбинаты, 480002, Алматы қаласы, Макатаев көшесі, 41

ТЕКТІ ДЕ ТЕГЕУРІНДІ ӨНЕР

Егер: «ХХ ғасыр табалдырығын аттағанға дейін қазақ халқына ең мол рухани жұбаныш болған өнер түрлері қайсы?»— деген сұрақ қойылар болса, онда сөз өнеріміз, қол өнеріміз және музыкалық өнеріміз ең алдымен тілге оралар еді. Шынында да, халқымыз рухани сұраныстың жүгін үйіп-төгіп осы үш арнаға тенденген сияқты.

Осынау рухани қайнарлардың ішінде музыканың, дәлірек айтсақ, күйдің алар орыны айырықша. Себебі, қазақ халқының тарих аясындағы мәдени-рухани болмысын тануға келгенде ең мол дерек көзі күй тілінде және күй азыздары түріндегі сақталған. Бұған мына сияқты мысалдардың көлденең тартуға болады. Біріншіден, халық жадында сақталған ең байырғы тарихи тұлғаларымыз — күйші-композиторларымыз. Мәселен, VIII—IX ғасырда ғұмыр кешкен Қорқыттан бұғынға күнімізге жиырма шақты күй жетіп отыр. Екіншіден VIII—IX ғасырда ғұмыр кешкен Қорқыт пен ХХ ғасырда өмір сүрген Динаны арасындағы мың екі жұз жылдық тарихи кезеңдердің бірде-бір ғасыры күйші-композитордан құралақан емес деуге болады. Үшіншіден, осынау мың екі жұз жыл аясында ғұмыр кешкен екі жүздей күйші-композитор белгілі және олардың бес мыңдай күйі қазіргі таңда тіркеуге алынып отыр. Төртіншіден, қазақ күйлерінде арқау болған оқиғалардың тарихи хронологиясы Евразия континентіндегі соңғы екі жарым мың жылдық оқиғаны қамтиды. Мәселен, «Қос мүйізді Ескендір» атты халық күйі белгілі және М. Хамзиннің «Космонавт» деген күйі бар. Бұл күйлердің тақырыбына арқау болған тарихи кезеңдердің арасында, яғни, Александр Македонский мен Юрий Гагариннің арасында аттай екі жарым мың жыл жатыр. Бесіншіден, көшпелілер өркениетінде VIII—ХХ ғасырдың өзінде-ақ күй және ән түріндегі музыкалық жанрлардың сараланып үлгеруі мәдени-рухани өреліліктің жарқын айғағы. Міне, бұл дәлелдер музыка мәдениетіміздің, оның ішінде күй өнерінің тарихи-рухани болмысында ерекше мәртебелі орынының бар екенін көрсетеді.

Өкінішке орай, осындау текті де тегеурінді рухани қазынамыз жеріне жете зерттеліп, насиҳатталып жүр деп айта алмаймыз. Мына қолдарыңыздағы альбом-кітапша осындау олқылықтардың бір қырын толтырар деген үмітпен оқырман назарына ұсынылып отыр. Соңғы мың жылдан астам уақыт аясында ғұмыр кешкен күйші-композиторларымыз туралы қысқа-қайырым болса да деректер баспа бетінде бар. Ал, олардың тур-түсі, бейнесі мүлде белгісіз десе де болады. Ұрпактың рухани тәрбиесінде тарихи тұлғаларымыздың түр-кейпін кескіндеп, олардың шабытты бейнесін ұрпақ санасына ұялатып отырудың мәні зор. Осындау мақсатпен тарихи-этнографиялық және фольклорлық материалдардың негізінде біраз күйші композиторлардың бейнесі алғаш рет жасалып отыр. Тоқа, Қазанғап, Ықылас, Мәмен, Бөгде сияқты күйші-композиторлар бейнесі көз көргендердің айтуымен салынып, нақтылы кескін-келбеті жасалған. Ал, Махамбет бейнесін бас сүйегі негізінде белгілі антрополог-суретші Н. Шаяхметов қалпына келтірген. Сондай-ақ, бірқатар күйші-композиторларымыздың фото суреттері үрпақтарынан алынып, архив қойнауларынан табылып, сол фото суреттер негізінде графикалық бейнелері жасалды.

Альбом-кітапша музыка тарихын зерттеушілерге, студенттер мен оқушыларға, қазақтың рухани мәдениетіне дең қойып жүрген қалың көшпілікке арналған.



Қорқыт

(IX ғасыр)

Қорқыт оғыз-қыпшақ тайпаларының VIII—IX ғасырда гүмүр кешкен ұлы ойшылы, батагөй ақыны, дәүлескер күйшісі, келер күнді болжайтын көріпкел бақсысы. Ата жағынан Қорқыт оғыз тайпасының Қамы (Қайыспас) дейтін атасынан тараса, ана жағынан қалың қыпшақ нағашы жұрты болып келеді. Қорқыттың әкесі оғыз тайпасына белгілі Қаракожа деген кісі болса керек.

«Қорқыт батыр емес, абыз (патриарх), халық даналығын бас болып паши етуши және сақтаушы, оның парасатына дүйім жұрт дең кояды»,— дейді В. В. Бартольд. Қорқыт қазак үшін ең алдымен күй атасы, Қобызда күй шалу дәстүрін алғаш орнықтыруши. Оның күйлерінде айқын байқалатын стилдік тұтастық, өмірді бейнелеу тәсілінің тұрақтылығы, әуен-сазындағы бақсы сарындарымен үндес карапайым қонелік, соз жоқ, дара тұлғаның қолтаңбасын айқын аңғартады. Бұл орайда, Қорқыт туралы аныз-әнгімен де бұрын, Қорқыттың бейтінен де бұрын, тіктен, «Қорқыт ата кітабынан» да бұрын, оның тарихта болған нақтылы тұлға екеніне музыкалық мұрасы бұлтартпас дәлел бола алады.

Қорқыт күйлері: «Қорқыт» (үш нұсқасы бар), «Акку», «Әупбай», «Башпай», «Желмая», «Елім-ай, халкым-ай», «Сарын» (екі нұсқасы бар), «Тарғыл тана», «Ұшардың ұлуы» т. б.



Кетбұға

(XII—XIII ғасырлар)

Атадан балауға жалғасып жеткен ауыз әңгімеде де, жазба деректе де Кетбұға Найман тайпасының ұлы жыршысы, дәүлескер күйшісі, көріпкел бақсысы, тіптен, Шыңғыс ханның хат таныған шежіреші замандасы. Яғни, Кетбұға шамамен 1150—1230 жылдар аралығында ғұмыр кешкен.

Шежіре сөздің қай-қайсысы да Кетбұға есімін әйгілі «Ақсақ құлан», «Нарату» күйлерімен байланыстырады. Иісі Дешті Қылشاқты ауызына қаратқан Жошы хан анда жүріп мерт болғанда, осынау қаралы хабарды Шыңғыс ханға естіртуге ешкімнің батылы бармаса керек. Сонда, Найманнан шыққан ұлы жыршы, дәүлескер күйші Кетбұға ақыл тауып, қаралы хабарды күймен естіртіп еді дейді. Бұл жөнінде XV ғасыр мұрасы болып табылатын «Түркі шежіресі» («Шад-жарат ал-атрак») атты еңбекте қызықты дерек келтірілген. Доспамбет жырау, Махамбет Өтемісұлы сияқты әйгілі тұлғаларымыз Кетбұғаны даланың дана би, ақылгөй кеменгөрі ретінде сөз етеді. Кетбұға есімі дәүлескер күйші ретінде көршілес қырғыз, қарақалпақ еліне де кеңінен мәлім.

«Ақсақ құлан» күйінің сарын-сазы ногайлының эпостары сияқты тегеурінді. Күй ез заманының шынырақ атқан серпінді болмысын танытуымен бірге, ел, халық басындағы қасіреті мол қанды заманды күнірене мәлімдейді.

Кетбұға күйлері: «Ақсақ құлан» (алты нұсқасы бар), «Нарату» т. б.



Асанқайғы

(XIV—XV ғасырлар)

Сәбитұлы Асан XIV ғасырдың 60—70 жылдарында Еділ бойында дүниеге келген. Халидулы Құрбанғали өзінің «Тауарих хамса» атты еңбегінде әйгілі Майқы биді Асанқайғының аргы атасы еді дейді.

Асанқайғының өмір сүрген кезеңі Алтын Орданың шанырағы шайқалып, ұсақ хандықтарға ыдырай бастаган кезі. Асанқайғы өз кезіндегі Берке, Ұлығ-Мұхамед, Әбілқайыр сияқты хандармен, Керей, Жәнібек сияқты сұлтандармен заманы ғана бір емес, сонымен бірге аласапыран оқиғаға толы осынау тарихи кезеңнің ахуалына ықпалын жүргізген тұлғалардың бірі. Ол Дешті Қыпшактан енді дараланып, енді қоныс орнықтыра бастаган қазақ халқының ертеңін ойлап, еңсесін көтеруді өмірлік мұраты еткен дала абызы. Асанқайғы ел қамы, халық тағдыры туралы толғаныстарын күй тілінде де жеткізіп отырған. Бұғынгі күнімізге оның «Ел айырылған», «Асанқайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар» сияқты күйлері жеткен.

«Ел айырылған» күйінің құрылышы қарапайым болғанымен, сарын-сазынан терең қүйзеліс лебі айқын аңғарылады. Тіптен, не боларын күні бұрын болжай алатын дананың шарасыздығы сияқты торығу да жоқ емес. Мұны бастан аяқ жалықпай сұнқылданап отыратын мұнды сазынан, талмай қайталанатын күрделі қағысынан байқау қын емес.



Қазтуған

(XV ғасыр)

Орта ғасырлық тұлғалар сияқты Сүйінішұлы Қазтуған да әрі батыр, әрі ақын, әрі күйші, әрі би, әрі шешен. Сегіз қырлы, бір сырлы. Ол өзі туралы:

«... Бұлайт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәпірдің
Арасын бұзып өтіп дінді ашқан,
Сүйінішұлы Қазтуған!»—

дейтіні сондықтан. Алтын Орданың қос босағасында болған, кіндігі бір ногай мен қазақтың қақ бөлінуі, ата жұрты Еділден ірге көтеруді Қазтуған сияқты эпикалық қарымдағы тұлғаның жүрегін қақыратып өтіп, өмірлік қасіретіне айналған. Ол қасіреті шерлі күй, шежіре жыр түрінде сыртқа шыққан.

Қазтуғанның ат жалын тартып мініп, ата жолын қып, ел ісіне араласқан ортасы Дешті Қыпшақтың кіндік мекені Еділ мен Жайық арасы, Каспий алабы, Қарасу деген жерлер. Ол қыны кездегі көп қиқушының бірі емес. Сол даланың бағы мен сорын пешенесіне балаған ел басыларының әuletінен шыққан. Оның тепсініп сөйлеп, таусылып айтып, тебірене күй төгуінде осындағы гәп бар.

Қазтуған жырларына қарағанда, ол өзінен жасы көп үлкен Асанқайғының көзін көріп, үлгі-өнеге алған.

Бұғынгі күндерімізге Қазтуғанның «Сағыныш», «Құлақ күй» атты күйлері жеткен.



Байжігіт

(XVI—XVII ғасырлар)

Байжігіт Өр Алтайда дүниеге келген әйгілі күйші. Шежіре жөнімен таратқанда, Орта Жұз өз ішінде Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Керей, Уақ болып алты арыс ел құраса, соның Керейінен — Абақ және Ашамайлы аталары тарайды. Абақ Керей өз ішінде он екі атаға бөлінсе, соның бір атасы Жастабан ұрпақтарынан Байжігіт туады.

Байжігіттің өмір сүрген кезеңі Шыңғыс ханның қанды жорығынан көп зардап шеккен Керей тайпасының ата қоныстан ірге көтеріп, жаңа қонысқа орныға қоймаған беймаза шақ болған. Бес жасында ата-анадан жетім қалған Байжігіт өмірдің киындығын көре жүріп, халық басындағы ауыртпалықты көкірегіне токып өсken. Бұл жолда оның жұбаныш тауып, шер тарқатары да, халық қасіретіне араша түсері де домбырасы болған.

Байжігіт шығарған күйлердін мол нұсқасы Шығыс Түркістанда, Өр Алтайда, Семей облысының Шұбартай ауданында күні бүгінге дейін тартылады. Әйгілі күйшінің мұрасын зерттеп, халқымыздың рухани иғілігіне айналуына М. Мағаунин, О. Хаймоддин, Т. Әсемқұлов сияқты ғалым-зерттеушілеріміз бен өнерпаз домбырашыларымыз көп еңбек сіңіріп жүр.

Байжігіттің күйлері: «Азат» (екі нұсқасы бар), «Ақтабан», «Алмажай», «Аңшының зары», «Арман», «Әлдисүр», «Беласар», «Бекен жарғақ», «Бұлғын сусар», «Былқылдақ», «Дәлдірек торы», «Жетім торы», «Жұмагұл», «Ерке атан», «Қайың сауган», «Қара жорға», «Қашқан қалмак», «Қоңырат», «Қосбасқан», «Қособа», «Қос сиыр», «Кербалак», «Қекейкесті», «Көңіл», «Көктебе», «Құншуақ», «Кекбалақ», «Кек қаршыға», «Нарын», «Сара би», «Секіртпе», «Сылаң торы», «Төғиз totы» т. б.



Абылай хан

1711—1780 жылдар)

Уәлиұлы Абылай (Әбілмансұр) — төре әuletінен, қазақ халқының біртұтастығын сақтауда жойdasыз енбек сінірген әйгілі ханы, сонымен бірге, XVIII ғасырдан күйі жеткен санаулы күйшілеріміздің бірі. Ол өмір сүріп хандық құрған заман қазақ халқы үшін жойылып кету қауыпы төніп тұрған, елім мен өмірдің арасында күн кешкендей алмағайып заман болатын. Бұл жөнінде сол кездің дуалы ауыз ақыны былай дейді:

«Былай барсан Қоқан бар — қоқандаган әкең бар,
Былай барсан қалмақ бар — қүшінді еппен алмақ бар,
Былай барсан қытай бар — жапырағыңды бұттай бар,
Былай барсан орыс бар — баланды берсең коныс бар».

Абылай ханының күйлерін тақырыбы жағынан болсын, әуен-сазының ерекшелігі жағынан болсын екі кезеңге бөліп қарауға болады. Біріншісі, жонғар шапқыншылығы қабындал тұрған кезде нақтылы өмір құбылыстарына арнаған күйлері. Мұнда негізінен жаугершіл кездің жорықтары, соғыс зардабы мен жеңіс салтанаттары, батырлардың ерен ерліктері күй тіліне көшіп отырады. Екіншісі, тұра шапқан жаудың беті қайтып, көшпелі өмірдің ырғағы қайта жанданып, Абылай ханының өзі байсал тарта бастаған кезде тұған күйлері. Бұл күйлерінде өмірдің мән-мағынасы туралы ойлаған, ел қамы мен халық тағдыры жөнінде толғанған ойлы сезім бел алып жатады. Абылай ханының күйлері туралы Ш. Уәлиханов, А. В. Затаевич сияқты ғалым зерттеушілер алғаш пікір білдіріп, кейбір күйлерін нотаға түсірген.

Абылай ханының күйлері: «Ақ толқын», «Алабайрак», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржын қақпай», «Майды жал», «Садақ қақпай», «Сары бура», «Шаңды жорық» т. б.



Махамбет

(1804—1846) жылдар)

Өтемісұлы Махамбет — халықтың азаттығын көксеген құрескер, қол бастаған батыр, құдіртті ақын, дәүлескер күйші. Тұып-өскен жері Ішкі Бекей ордасындағы Бекетай деген өнір. Бұл — қазіргі Орал облысының Жәнібек ауданына қарайтын жер.

Махамбет өзінің барша болмыс қасиетімен көшпелілер көсемінің соңғы тұяғы. Ол өзі туып-өскен өнірдің Қамбар батыр, Ер Тарғын, Сыпыра жырау, Асанқайы, Қазтуған, Шәлгіз, Жилембет, Доспанбет сияқты біртуар тұлғалардың өлмес мұрасын қөкірегіне тоқып өскен. Эйгілі Сырым батырдың әділет сүйгіш, азатшыл рухы Махатбеттің бесік жыры болып, өмірінің мағынасына айналған. Махамбет өзі өмір сүрген заманнын ағымына жүйрік, кезі ашық, қөкірегі ояу жан болған. Ол орыс, татар, араб тілдерін тәуір мәңгерген.

Махамбет поэзияда қандай дара болса, күйде де сондай оқшау. Оның күйлері адудын мінезімен, аскак сезімімен дарапанады. Азаттық үшін қурес жолында бастан кешкен ауырлық-тауқыметтер, үзенгілес серіктерінің өр тұлғалары, туған жердің қадір-қасиеті Махамбет күйлеріне арқау болып отырады.

Өтемісұлы Махамбеттің күйлері: «Ақжелен», «Жайық асу», «Жорық», «Жұмыр-Қылыш», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Кайран Нарын», «Қыыл қырғыны», «Нарын», «Өкініш», «Тарлан», «Шілтерлі терезе» т. б.



Боғда

(XIX ғасыр)

Қараұлы Богданың туып-өскен жері Жем, Сағыз өзендерінің бойы болғанымен, ол Актөбе, Гурьев, Орал өнірін, Маңғыстау түбегін еркін аралап, бұл төніректің күйшілік дәстүрін терең менгерген. Исадай, Махамбет сияқты ел қорғаны болған азаматтармен, Соқыр Есжан сияқты дәүлескер күйшілермен қадірлес, сыйлас болған. Абыл, Қошқар, Еспай, Кәуен, Арыстан сияқты күйшілердің өнеріне дең қойып өнеге тұтқан.

Боғда өзінің шығармашылығында от басы, ошақ қасының немесе ауыл арасының күйкі көріністерімен шектелмейді. Ел қамы, халық тағдырына алан қөнілімен әлеуметтік үні айқын күйлер шығарады. Бұл орайда оның шоктықты күйлері «Қаражая», «Боғда», «Бозтөбе» екеніне күмән жоқ. Қазақстан күйшілік дәстүрінде тармақты күйлерді тарту, сол тармақты күйлердің өрісін ұзарту кез келген күйшіге сын болса, Боғда әйгілі «Алпыс екі тармақты Ақжелен» циклына өз тарапынан «Кербез Ақжелкен», «Кербез керік» деп аталатын екі күй қосқан адам.

Богданың күйлерін бүтінгі күнімізге жеткізушилердің ішінде О. Сүйіндіков, Н. Қыдырғалиев, М. Өскенбаев, Л. Мұхитов сияқты домбырашыларды ризашылықпен еске аламыз. Қараұлы Богданың күйлері: «Боғда», «Бозтөбе», «Жем-су», «Екіндіде ел іздеген», «Кербез Ақжелкен», «Кербез керік», «Қаражая», «Сегіз лак» т. б.



Тәттімбет

(1815—1860 жылдар)

Қазанғапұлы Тәттімбет Қазақстанның орталық, шығыс, оңтүстік өңіріне кең тараған қоныр күйлер мен бойлауық күйлерді шығарушы қүйші-композиторлардың ең дарындыларының бірі. Ол ән мен қүйдің жылжыған жорғасы мен жылмиған жүйріктегі Жанак, Шөже, Кемпіrbай, Біржан сал, Жаяу Мұса, Жанай, Орынбай сияқты әнші-ақындармен, Тока, Ықылас, Итаяқ, Шашақ сияқты қүйшілермен, Құнанбай, Алшынбай, Ерден, Шыңғыс, Шорманнның Мұсасы сияқты ел басыларымен қадірлес-сыйлас болған. Екінші Александр патшаның таққа отыру тойына барған. Яғни, Тәттімбет өз кезінде ел ісіне араласқан, өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу лауазымды азаматы болған. Біржан сал:

«Тәттімбет ардакерім Ағын асқан,
Кырық түрлі күй айналған бармағына»,—

дейді. Иә, Тәттімбет ең алдымен дәүлескег күйші ретінде ден қойғызады. Ол домбырада он бұрау, теріс бұрау, шалыс бұрау, қалыс бұрау, қосак бұрау (тел бұрау) күйлерін шығарған. «Тәттімбет творчествосы қазақтың музика тарихында ерекше орын алады, қанша уақыт өтсе де, қанша ғасыр артта қалса да оның әсем күйлері талай буынның рухани азыры болады»,— деп жазды академик А. Жұбанов.

Қазанғапұлы Тәттімбеттің күйлері: «Азына», «Ақбас бура», «Балбырауын» («Шымылдық үзер»), «Балқан тау», «Бес төре», «Боз торғай», «Былқылдақ», «Желқара», «Жетім қыз», «Жібек жал», «Ерке атан», «Ерке бұлан», «Қаражорға», «Қашқан қалмақ», «Кенжетай», «Қорамжан», «Қосбасар» (терт нұсқасы бар), «Қоянды», «Кекейкесті», «Көшжанаған», «Манабай», «Майда сары», «Мінеки», «Нар шеккен», «Ногай-казақ», «Өлең сай», «Салкоңыр», «Саржайлау», «Сарықамыс», «Сарытатан», «Сары өзен», «Сұлама», «Сүйкөбе», «Сұлуагаш», «Сылқылдақ», «Тепенкөк», «Тасбұлақ», «Толқын», «Терісқаптай», «Шайыр қалды» т. б.



Құрманғазы

(1818—1889 жылдар)

Европадағы рухани Қайта өрлеу кезеңінің (XIV—XVII ғғ.) алғашқы қарлығаштары ақын Данте мен суретші Джотто болғаны сияқты, қазақ даласында XIX ғасырда болған рухани жаңғырудың алдыңғы легінде күйші-композитор Сағыrbайұлы Құрманғазы болды. Құрманғазы күйлері өз ортасының, өз заманының нақтылы қоріністерін тілге тиек еткенімен, сол күйлердің өнбойындағы өршіл рух заманауық құбылыстарды меңзеп, дәуірлік өзгерістерді толғап, ақиқат пен азаттық үніндей болып естілді.

Құрманғазының ғұмыр кешкен кезі патшалық Россия жүргізген отаршыл саясаттың ең бір карқын алған, әбден құнықкан, шектен шыға бастаған кезі еді. Мұндай озбырлыққа жаңжүрегімен қарсыласу Құрманғазының өмірбаянына айналып, күй тілінде көрініс тауып отырған. Ол өзі беттескен заманының тарихи-элеуметтік болмысына күйші-философ ретінде ден қояды. Үрпақ тағдырына ықпал ететін заманауық құбылыстарға бойлай үңіліп, ой толғау Құрманғазының күйшілік болмысына тән.

Сағыrbайұлы Құрманғазының күйлері: «Адай» (ұш нұсқасы бар), «Айда бұлбұл, Айтжан-ай», «Ақбай», «Аксак киік» (екі нұсқасы бар), «Амандасар», «Алатау», «Аман бол, шешем, аман бол», «Байжұма», «Балбырауын», «Балқаймак» (екі нұсқасы бар), «Бас Ақжелен», «Бозшолак», «Бозқанғыр», «Бұлбұлдың құргыры», «Демалыс», «Жігер», «Ертөң кетем», «Итог», «Кішкентай», «Көбік шашқан», «Кісен ашқан» (екі нұсқасы бар), «Лаушкен», «Маната», «Машина», «Назым», «Не кричи, не шуми», «Ойбай, балам», «Пәбескі», «Перовский марш» «Сарыарка», «Саранжап», «Серпер», (төрт нұсқасы бар), «Теріс қақпай», (екі нұсқасы бар), «Төремұрат», «Тұрмеден қашқан», «Ұзақ Ақжелен» т. б.



Дәuletкерей

(1820—1887 жылдар)

Шығайұлы Дәuletкерей бұрынғы Бекей ордасында, қазіргі Орал облысының Орда ауданына қарасты Қарамола деген жерде дүниеге келіп, сол ата қонысында дүние салған. Дәuletкерейдің ата-бабасы Орыс ханнан бері қарай хандық биліктен қол үзбекен. Алайда, Дәuletкерей төрелік биліктен гөрі өз төңірегіне рухани дәстүрдің, күйшілік өнердің алтын дінгегі сияқты болған. Ол Соқыр Есжан, Байжұма, Мұсірәлі сияқты күйші-домбырашылардың өнерін өзіне шабыт тұғыры еткен.

Егер, дүние шіркіннің дидарында осынау фәни жалғанға жылап келіп, жылап кететін адам құдіреттің көнілін жұбататын, журегін жылтыратын, санасын сергітетін бір құбылыс болса, ол — Дәuletкерейдің күйлеріндегі-ак болар. Дәuletкерейдің күйлерін тындаған жан өмірге келгеніне өкінбеуге тиіс. Ұлы күйші қыны заманның қасірет қамауына тап болған бейбак халқын домбырасымен жұбатқан сияқты.

«Тере күйлерінін атасы» атанған Дәuletкерей өзінің әрбір күйін айрықша талғаммен, ерекше сұлулықпен сомдаған. Оның кез келген күйі табиғаттың өзіндегі табиғи қалпымен, әсем сазымен, ойлы да сыршыл сезімімен, кірпияз сырбаздығымен қайран қалдырады. Осының бәріне коса Дәuletкерейдің күйлеріндегі ұлттық дыбыс тілінің айқындығын айтуға болар еді.

Шығайұлы Дәuletкерейдің күйлері: «Ақбала қыз», «Ат қалған», «Байжұма», «Бапас күй», «Бұлбұл» (екі нұсқасы бар), «Ващенко», «Желдірме», «Жігер», (уш нұсқасы бар), «Жұмабике», «Керілме», «Көркем ханым», «Көрүғұлы», «Қарақожа», «Қосадәқ». (уш нұсқасы бар), «Қосағалы», «Қоңыр» (екі нұсқасы бар), «Құдаша», «Қызы Ақжелен», (уш нұсқасы бар), «Қос ішек», «Мұнды қыз», «Нар идірген», «Салық елген», «Тартыс», «Топан» (екі нұсқасы бар), «Тұндырма», «Ысқыма» (екі нұсқасы бар), «Шолтақ» т. б.



Абыл

(1820—1892 жылдар)

Тарақұлы Абыл Маңғыстау түбөгіндегі Оймауыт, Желтау деген жерде дүниеге келген. Ата дәүлетінің арқасында не ішем, не кием демей, еркін өсіп, ертерек атқа мініп, оң-солын танып өседі. Өз ортасының әнші-қүйші, аңшы-сері азаматтарымен еркін араласып, даланың рухы биік салт-дәстүріне ден кояды. Тек өз ортасының өнерпаздық дәстүрі емес, бір шеті Хиуда мен Қаралпақстан, бір шеті Түрікменстан арасындағы өнерпаздыққа Абыл көзі мен көкірегін қанықтырып өседі. Ол өз замандастарының ішінде Құлшар, Бөғда сияқты қүйшілермен, Балапан сияқты ақындармен қадірлес, сыйлас болған. Абыл «алпыс екі тармақты Ақжеленді» жеріне жеткізе тартып, оны өз «Ақжелеңімен» толықтырган күйші.

Абыл да өзі өмір сүрген заманың қызығын күйлеріне арқау етіп, туған елдің әйгілі ұл-қыздарына арнап күй шығарған. Оның күйлерінің сырт бітімі сабырлы сияқты көрінгенімен, іші терен тартысқа толы мазмұнды болып келеді.

Тарақұлы Абылдың күйлері: «Абыл», «Ақжелен», «Ақсаққұла», «Әрәнжанның шалқымасы», «Кеңес», «Нарату» т. б.



Қожеке

(1823—1881 жылдар)

Назарұлы Қожеке Жетісудың төрі болып есептелеғін Қарқарада дүниеге келген. Шыкқан тегі ұлы Ұлы Жұз ішіндегі Албан тайпасы. Албан ішінде Сары — Сүйерқұл — Бозым — Құрбан болып өрбиді. Қожекенің әкесі Назар сөзге шешен, аузы дуалы, төңірегіне ықпалды адам болған. Қожекенің ел ісіне ерте араласуына әке тәрбиесі ықпал еткен. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Жетісуға тізе батыра бастаған Ресейдің отаршыл саясатына бас имеген Қожеке 1862 жылы төрт жүздей үйді бастап, түріле көшкен беті Текес өзенінің бойына келеді. Қожеке бастаған рулы елдің көшіп келуіне Қытай өкіметі де бейтарап қарамаған. Алғашқыда Қожекеге шын-шекпен беріп, өздеріне қолшоқпар етпекші болады. Бірақ, Қожеке сияқты тіртуар тұлға халқының қамына қиянат болар іске қия баспайды. Ақыры айтқанына көндіре алмаған Қытай өкіметі Қожекені Күре түрмесінде көмір шоғына қақтап елтіреді.

Қожеке өзі қуә болған, өзін толғандырган өмір құбылыстарының баршасын күй тілінде баяндап отырған. Уақыт құрдымында ұмыт болғанына қарамастан бүгінгі күнімізге Қожекенің жүзге тарта күйлері жеткен. Оның күйлері күні бүгінге дейін Жетісу, Алтай, Тарбағатай, Бұратала, Іле өңірлерінде тартылады.

Назарұлы Қожекенің күйлері: «Ағарсынның ақ толқыны», «Аққу», «Арман», «Баекенің естіртуі», «Балаларыма», «Балам-ау», «Боз жігіт», «Бөлтірік», «Біржан сал», «Жиренше», «Қарашаштың қазасын естірту», «Жиреншениң Қараашашты жоқтауы», «Кертолғау», «Көрүғұлы сұлтан», «Күй бастар», «Күй шақыртқы», «Камбархан», «Қолға алынар алдында», «Кос келіншек», «Қинау», «Құл пенде», «Мұңлық», «Өз колым», «Рабат төренің естіртуі», «Раушан», «Сайрам көл», «Сарбапы бұлбұл», «Тарпу», «Тоқтарым», «Тұрмедегі қинау», «Шалқайма» т. б.



Сармалай

(1835—1885 жылдар)

Сармалай Орал облысының Фурманов ауданында қарасты Талдықұдық деген жерде туған. Азан шақырып қойған аты Садық екен. Кедейліктің қамытынан құтыла алмай, қоңсы отырған орыстың Петрушко деген байына жалданып, сол кезден бастап тәнірегіндеңдер Садықты «Сармалай» деп атап кеткен.

Сыбызышылықты ата-бабасынан мұра еткен Сармалай есейе келе Сабыр деген сибызышыны ұстаз еткен. Сармалай күйлері негізінен өзі өскен ортаның сан сала көріністеріне арналады. Табиғаттың тылсым сыры, оның аясындағы жан-жануарлар болмысы бір сәттік жағдайдан бастау алып, алуан түрлі сезім күйіне ұласады. Сармалай күйлеріндегі табиғат, қоршаған орта еш уақытта жалаң алынбайды. Ұдайы адам мен табиғаттың, адам мен жан-жануарлар дүниесінің, адам мен қоғамның біte қайнасқан тұстастығын әйгілеп отырады.

Сармалай мұрасы бүгінгі күнімізге әйгілі сибызышы Уәлиев Ысқақ арқылы жеткен. Ысқақ 1944 жылы Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапты.

Сармалай күйлері: «Ақсак құла», «Бұлбұл», «Жетім қызы», «Қара жорға», «Қоңыр бұқа», «Нар идірген», «Сансызбай», «Шал бұркіт» т. б.



Тоқа

(1830—1914 жылдар)

Шоңманұлы Тоқа қазіргі Жезқазған облысының Жанаарқа ауданындағы Көктал өзенінің бойында дүниеге келген. Арқада Тоқа деген ру аты да бар. Сол Тоқа руынан айрып атау үшін үзенгі тұстастары құйшіні Сайдалы Сары Тоқа деп атап кеткен.

Тоқа өз төңірігіндегі ел-жүртка әділдігімен танылған, өнерпаз қүйшілігімен даңқы шыққан. Оның іреп айтатын уытты тілі, өз кезінің әділестіздігіне қарсы шығуы дүшпандарын да көбейтіп баққан. Тоқаның екі жылдай жер ауып, айдауда жүріп қайтуы да өз заманының зорлық-зомбылығымен көп беттескенің аңғартады.

Тоқа өз кезінде Тәттімбет, Үқылас, Қыздарбек, Дайрабай сияқты қүйшілермен қадірлес, сыйлас болған. Найманның Шашақ деген домбырашысымен, бала қүйші атанған Сүгір Әлиұлымен қүй айттысына түсken. Қырғыз Шәбденнің асына қатысып, қүй сайыснда бас жүлдені жеңіп алған.

Тоқа он және теріс бұрауда көп қүй шығарған. Әсіресе, қазақтың қүйшілік өнеріне ғажайып рең беретін теріс бұрау күйлерінің дәстүрін Тоқа ілгері дамытып, биікке көтере білген. Тоқаның күйлері: «Азамат», «Аққу», «Айdos», «Алшағыр», «Балшекер», «Бозайғыр», «Жалғыз ішек», «Жолды қоңыр», «Косбасар» (үш нұсқасы бар), «Ерке қызы», «Саржайлау», «Сары өзен», «Төрт толғау» (төрт нұсқасы бар), «Терісқақпай», «Тогызтарау» т. б.



ЫҚЫЛАС

(1843—1916 жылдар)

Дүкенұлы Ықыластың туып-өскен жері Жезқазған облысының Жаңаарқа ауданы. Дүние салған жері Жамбыл облысының Сарысу ауданына қарасты «Сарысу» совхозының жері. Ықыластың әкесі Дүкен де, оның әкесі Алтын да қобызшы болған адамдар.

Ықыластың тұлғасын рухани тарихымыздың төріне шығаратын қисынның зоры деп Қоркыттан кейін аттай мың жыл бойы тілін тістеген касиетті кара қобызға тіл бітіргенін айтқан жөн. Ықылас дарынының тегеуріні бақсы қолындағы тәңірлік аспапка адамның тілін дарытып, адамның жоқтатып, адамның мұнына ортақтастырығаны үшін тәнті боламыз.

Ықыластың көзін көріп тікелей тәлім-тәрбие алған Ашай, Әбікей, Сүгір сияқты қобызшы-домбырашылар. Ашай, Әбікей, Сүгірлердің шәкірті Мықтыбаев Дәулет пен Қаламбаев Жаппас. Олардың шәкірттері Үмбетбаев Сматай мен Қосбасаров Базархан бұл күндері өнерлеріне тәнті етіп жүр. Көшпелі елдің кешінен түсіп қала жаздал, қадау-қадау өнерпаздардың қол жалғауы арқылы көнеден бүгінге жеткен қобыз өнері қазір болашаққа сеніммен шеру тартып бара жатқандай.

Дүкенұлы Ықыластың құйлери: «Айрауық», «Аққу», «Асанқайғы», «Бозторең», «Жалғыз аяқ», «Жез киік», «Ерден», «Қазан», «Қаншайым», «Қасқыр», «Саржан төре», «Шақыру» т. б.



Қазанғап

(1854—1927 жылдар)

Тілепбергенұлы Қазанғап Арал теңізінің жағасында, Құландау түбегінің Ақбауыр деген жерінде дүниеге келіп, 73 жасында сол туған жерінде дүние салған.

Кедейліктің тауқыметін жастайынан тартқан Қазанғап бойы өсіп, бұғанасы қатпай жатып-ақ қойшылық өмірге араласқан. Қойши өмірі белгілі, сары даланы сақна етіп өседі. Кейін ессеіе келе Доңыз-таудағы — Төреш, Бесқаладағы — Орынбай, Ембідегі — Құрманияз, Орынбордағы — Үсен төре сияқты әйгілі домбырашылармен кездесу Қазанғап үшін үлкен өнер мектебі болады. Арал алабын, Үстірт, Маңғыстау аймағын, Ақтөбе, Ыргыз, Костанай, Троицк, Орынбор төнірегін еркін аралаған Қазанғап күйшілік өнердің алуан арнасына құлақ қандырып, саз-сарындарын бойына сініреді. Өнер жолында табысқан қадірлес достары қобейіп, бойындағы буырқанған қабілетін сол достарының талғампаз сарабына салады. Небір додалы күй сайыстарына түсіп, күйшіліктің ең бір қын сындарынан өтеді.

Қазанғап күйлері өзінің тартылу тәсілінен бастап, сарын-сазына дейін оқшау қасиеттерімен дараланады. Ол — күйдің Абайы сияқты, адам болмысына тән сезім атаулыны алақанында ойнатып, ол сезімді ұдайы ойга бағындырып отырады. Қазанғап өзі күә болған заманның, өзі беттескен қоғамның қызығы мен шыжығын тәптіштемейді, оның ақырының не боларын ойлап толғанады.

Тілепбергенұлы Қазанғаптың күйлері: «Ақжелен» (екі нұсқасы бар), «Балжан қызы», «Балжанның он жетісі», «Балжанның келін бол түсуі», «Балжан қатын», «Бұран бел», «Домалатпай», «Жұртта қалған», «Кекіл», «Кіші Қаратөс», «Қаратөс», «Қызы Ақжелен», «Қиту-қиту қайт-қайт», «Окоп», «Тентек Ақжелен», «Торы ат», «Үлкен Қаратөс», «Шырылдатпа», «Ыскырма» т. б.



Дайрабай


(1860—1937 жылдар)

Ерназарұлы Дайрабай Жезқазған облысына қарасты Жаңаарқа ауданының жеріндегі Атасу өзенінің бойында дүниеге келіп, Шымкент облысының Қызылқұм ауданына қарасты Шәуілдір селосының маңындағы Шілікті деп аталатын қыстауда дүние салған.

Дайрабай азаттық сүйгіш, жүйрік ат, қыран құскә құмар, сері көңіл жан болған. Бұған қоса табиғат оған әншілік, ақындық, қүйшілік сияқты ғажайып қасиет дарытқан. Содан да болар, ол Тоқа, Ықылас, Қыздарбек, Әбди сияқты қүйшілермен, Жарылғапберді, Ғазиз, Иманжүсіп, Үкілі Үбырай, Төлебай сал сияқты әйгілі өнерпаздармен дәм-тұзы жарасып, қадірлес-сыйлас болған. Оның есесіне Дайрабай заманымен тіл табыса алмай, Қазан төңкерісінен бұрын да, кейін де қуғын-сүргінді көп көрген.

Дайрабай күйлері бітім-құрылышының мінсіздігімен, әуен-сазының мейлінше бай нақыштарымен, сондай-ақ, айтар ойының сергек те сезімталдығымен дараланады. Оның күйлері аз аяда аста-төк ойды сапырып, тыңдаушы рухын аспандатып, өмірге ғашық етіп үлгереді. Сөз жоқ, бұл біртуар дарынның ғана қолынан келер құдірет.

Ерназарұлы Дайрабайдың күйлері: «Әттеген-ай», «Дайрабай» (төрт нұсқасы бар), «Қоштасу», «Қыр», «Сыр», «Сырдың суы», «Шәуілдір» т. б.



Өскенбай

(1860—1925 жылдар)

Қалманбетұлы Өскенбайдың туған жері Маңғыстау облысының Ералиев ауданына қарабы Жетібай селосы. Ал, дүние салып топырақ бұйырган жері Маңғыстаудағы Қарақия жотасының Доңаза деп аталатын жері.

Қалманбеттен Өскенбай, Үлкенбай атты екі үл, Көркей, Шырай, Ақжан атты уш қызы ербіген. Осы бес перзенті де бірін-бірі жібермейтін, бірімен-бірі тайталасқан домбырашылар болыпты. Демек, Өскенбайдың күйшілік өнерінің бастау қадамы өскен үясындағы әдемі дәстүрде жатыр. Кейін Атырау алабын еркін арапап, Лекер, Жоламан, Мылқайыр сияқты күйшілердің, Тәнірберген, Жолды, Арал, Сүйінбай, Қартбай сияқты акын-жыраулармен, Әділ, Шалтаман, Тастемір сияқты әншілермен үзенгілес болып, «Адайың жеті қайқысының» бірі атанады.

Өзінің туып-өскен ортасындағы күйшілік-домбырашылық өнерді Өскенбай жеріне жеткізе менгерген. Оның репертуарында екі жүздей күй болған. «Құрманғазы», «Дәулеткерей», Абыл дәстүрлерінің ешқайсысына тікелей соқпайтын, творчестволық бағытында да, орындаушылық дәстүрде де өз алдына бір тебе болып тұрған адайлық күйлердің негізгі корын бір басына жинаған Өскенбайдың біздің халықтық аспап музыкасында алатын орыны ерекші,— дейді академик Ахмет Жұбанов.

Қалманбетұлы Өскенбайдың күйлері: «Соқыр қызы», «Жаңылтпаш», «Қынжал», «Өрелі мая», «Шөлмек сынған», «Ыңғай төк», «Кербез Айша», «Жирен жорға», «Жеті бұлбұл», «Бала Науайы», «Өмір күйі», «Ақжелеу» т. б.



Дина

(1861—1955 жылдар)

Нұрпейіс келіні Дина Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Бекетай құмы деген жерде дүниеге келген. Ол тоғыз жасының өзіндегі Дәүлеткерей, Мұсірлі, Әлікей, Тұркеш, Ұзак, Есжан, Байжұма, Баламайсаң сияқты қүйшілердің қүйін нәшіне келтіре тартып, төңірегі «домбырашы қызы» деп атаған. Әйгілі Құрманғазы Динаны арнайы іздеп келіп, батасын берген. Дина тоғыз жасынан он тоғыз жасына дейін, қашан ұзатылғанша Құрманғазының баулуында болады. Сол Дина 90 жасында Құрманғазының қүйін шабыттана тартып, дүйім жұртты таң қалдырган.

1937 жылы 75 жастағы Дина Алматыға түңғыш келіп, құдірет өнерімен бүкіл республикаға ден қойғызылады. Ол осы сапарында халық өнерпаздарының Бүкілқазақстандық байқауында бірінші орынға ие болады. 1944 жылы 83 жасында Орта Азия республикаларының өнерпаздары қатысқан жарыста да женімпаз атанады.

Дина қазақтың қүйшілік өнеріне өшпес із салған біртуар дарын. Егер оның қүйшілігінің бастау алған тегін іздеу керек болса, ат басын Құрманғазы мен Дәүлеткерейге қарай бұру керек. Екі ұлы қүйшінің өнерінен тел сусындаған Дина өзіндік өрнегін тапқан қүйші. Дәүлеткерейдің ойға шомған сыршылдығы мен Құрманғазының өршіл рухы Дина шабытының қос қанаты сияқты.

Нұрмейіс келіні Динаның қүйлері: «Ана бүйрыйы», «Әсем қоңыр», «Байжұма», «Бозшолак», «Бұлбұл», «Делегат», «Домалатпай», «Еңбек ері», «Женіс», «Жігер», «Кербез», «Көгентүп», «Көкөніс», «Қарақасқа ат», «Қосалқа», «Мендіқара», «Науыскы», «Он алтыншы жыл», «Өттің дәурен», «Партия туралы қүй», «Сауыншы», «Сегізінші март», «Сталин», «Тойбастар», «Шынар» т. б.



Мәмен

(1859—1931 жылдар)

Ералыұлы Мәмен қазіргі Орал облысына қарасты Жаңақала ауданының Қарасамыр деген жерінде дүниеге келіп, осы облыстағы Фурманов ауданының Бекалмак деген жерінде дүние салған. Мәмен әйгілі Әлікей, Түркеш сияқты дәүлескер күйшілердің қанатты өнерін бесік жыры сияқты қулагына сіңіріп өссе, ұлы Құрмангазының жаңына еріп тағылым алған. Орайлы жерде Мәмен өз тұрғыластарымен өнер сайысына тұсуден тартынбаған. Бұл орайда, Дина мен Мәмен арасындағы күй айтысы ел есіндеге қалған.

Мәменді күйші ретінде даралап тұрган қасиет, оның күйлеріндегі түр мен мазмұнның тастан қашалғандай тұтастықта жаратылуы десе лайық. Бөтен дыбыс, бөгде қағыс Мәмен күйлеріне мүлде жат. Оның күйлерінің әуен-сазы мен бітім-курылсының біте қайнасып жататыны соңшалық, бірде-бір дыбыстық ірімдерді қақас қалдырып тарту мүмкін емес. Ол былай тұрсын, Мәмен күйлерінің қат-қатымен түсетін жүйесін, рет-ретімен тартылатын бөлім-буындарын ауыстырып тартуға да болмайды. Яғни, оның күйлері жаңды жаратылыс сияқты, артық біткен ештегесі жок, бір ғана демнен жаралып, табиғаттың өз құрсағынан туғандай әсер береді.

Ералыұлы Мәменнің күйлері: «Ақшолпан», «Дүрбелен» («Он алтыншы жыл»), «Қайғылы қара», «Кербез Ақжелең», «Он алтыншы жыл» т. б.



Дәуітбай

(1873—1937 жылдар)


Тауданбекұлы Дәуітбай Бұқтырма өзенінің бойында дүниеге келіп, нағыз толысқан, асыл өнерімен ел-жұртын тәнті еткен шағында репрессияның құрбаны болған.

Дәуітбай дәулеңескер күйші-композитор, арқалы ақын. Ол жиырмада жаңа іліккен шағында өз жұртындағы ауқаттылау үйдің қызына ғашық болады. Қыз да көнілін қосып, бас қурауға келісім береді. Бірақ, қыз әкесі оң шырай бермеген соң, Дәуітбай қызды өз келісімімен алыш қашып, Монголияның Баян-Өлгій жағындағы нағашы жұртына өтіп кетеді. Мұнан кейінгі өмірі осы өнірде өтеді.

Дәуітбай ел ісіне белсене араласқан, көзі ашық, көнілі сергек жан болған. Монгол Халық Революциясының жеңісін (1921) Дәуітбай үлкен үмітпен қарсы алады. 1924 жылы белгілі қоғам қайраткері Тұрар Рыскұлов Коминтернің Монголиядағы уәкілі ретіндеге келгенде, оның жергілікті жердегі арға сүйеген азаматтарының бірі осы Дәуітбай болған. Тұрардай азаматтың жас та болса бас болғандай зерделі қыл-парасатына риза болған Дәуітбай оған «Арнау» атты қүй шығарған.

Дәуітбай күйлері әсем-сазды ырғағымен, бай әуенімен, сезімтал сырымен дең қойғызады.

Тауданбекұлы Дәуітбайдың күйлері: «Арна», «Арнау», «Жалама айдаған», «Жаяу солдат», «Ертіс толқыны», «Қайран Бежен», «Тарту» т. б.



Сейтек

(1861—1933 жылдар)

Оразалыұлы Сейтек қазіргі Орал облысының Орда ауданында дүниеге келіп, Астрахань облысының Карабайлы ауданында дүние салған.

Сейтекті домбыра тартуға баулып, алғаш тәлім берген кісі Шошак деген домбырашы. Кейін Әлікей, Мақар, Салауаткерей, Тұрып сияқты домбырашылармен танысып, сол өңірдің бай музыкасына құлақ қандырады. Домбыраға айырықша ден қойып, өз жанынан күй шыгара бастайды.

Сейтек өзі өмір сүрген заманың ауырлық-тауқыметін көп көрген күйші. Оның азатшыл рухы, әділет сүйгіш болмысы кер заманың кесаптты қалпымен бітіспей өткен. Өмірінің көбін құғын-сүргінде өткізген Сейтек Орда, Үркіт, Астрахань, Москва түрмелерінде болған. «Саяси аса қауыпты» деген айыппен Сібірге жер аударылған. Содан да болар, Сейтек күйлері ішкі мазмұнға бай, толғамдары терең, әуен-сазы мұнды болып келеді. Бұған қоса, ол домбыраның оқшау сарындағы күйлерімен де Сейтек күй сүйер қауымды айырықша тәнті етеді.

Оразалыұлы Сейтектің күйлері: «Айда», «Арман», «Балқаймақ», «Бес қыз», «Бұлбұл Айдай», «Фазиз», «Еркіндік», «Жантаза», «Заман», «Заман-ай», «Көк ала ат», «Карааш», «Қызыл сұнқар», «Марш», «Он алтыншы жыл», «Он жетінші жыл», «Ортпа», «Сексен ер», «Тойбастар» т. б.